



A close-up, slightly blurred photograph of a server rack. Numerous network cables with RJ45 connectors are plugged into the front of a server unit. Several green status LEDs are illuminated, indicating active connections or power. The background shows other server units in the rack, creating a sense of depth.

Клиент сервер архитектурасы

Клиент-сервер архитектура жүйесі

"Клиент-сервер" жүйелік архитектурасының негізгі принциптері мыналар: АЖ-лер желінің әр түрлі шетіндегі



```
graph TD; A["\"Клиент-сервер\" жүйелік архитектурасының негізгі принциптері мыналар: АЖ-лер желінің әр түрлі шетіндегі"] --> B["Клиенттік бөлім"]; A --> C["Серверлік бөлім"];
```

Клиенттік
бөлім

Серверлік
бөлім

болып 2-ге бөлінеді

Серверлік жақ өзімен қоса қуатты аппараттандырылған құралы, қажетті стандартты бағдарламалық қамтамасыз етуі, деректер қорын басқару жүйесі және ДҚ бар арнайы мамандандырылған аппараттандырылған комплексте жұмыс істейді.






Қолданбалы программалар

Қолданбалы программа немесе пайдаланушы жүйенің клиенттік бөлімімен әрекеттеседі. Қосымшаның клиенттік жағы пайдаланушының жұмыс орнында жұмыс істейді.

Жүйенің клиенттік бөлімі қажеттілік жағдайында серверлік бөлімге желі (локальді немесе глобальді) бойынша байланыс жасайды. Сонымен бірге клиент пен серверге қарағанда қатынас айқын орындалады.




Локальді желі



Глобальді желі

Бұл қатынасты орындайтын желілік компоненттің өзімен бірге жиынтығында қажетті желілік жабдықтар, желілік түйіндер арасындағы байланыстарды қамтамасыз ететін бағдарламалық технологиялық жиынтық және де сұраныстар мен олардың орындалу нәтижелерінің айырбасы үшін интерфейстік бағдарламалық қабаттар (протокол немесе протоколдар) бар. Клиенттік және серверлік бөлімдердің арасында SQL деректер қорының тілі негізгі интерфейс болып табылады.

«Клиент-сервер» архитектурасының ең қарапайым формасы- бұл екі бөлек процесстердің: клиент және сервер арасындағы есептеуіш жүктеменің бөлінуі.



«Клиент-сервер» қосымшасының типтік құрылымы

Клиент/сервер архитектурасындағы жұмыс жүктемелерінің үлгілері


«Клиент-серверлік» жүйелер клиент пен сервер арасындағы міндеттер бөлінісінің бірнеше типіне иек тіреді:

«интеллектуальды» клиенттер (қалың клиент - жұқа сервер);

«интеллектуальды» сервер (жұқа клиент - қалың сервер);

көп деңгейлі жүйелер;

араласқан жүйелер;



«Интеллектуальды»
клиенттер- «клиент-
серверлік» қосымшасы
ұйымдастырудың ең көп
таралған әдісі.
«Интеллектуалдық»
клиентке ұсыныстың
сервисінің
орындайтынына, бизнес-
логиканы және
деректерді басқаруды
сенуге болады.

